bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: БАЛАБАҚША**

# Реттік сандармен танысу.Геометриялық пішіндер. Үшбұрыш. Шаршы. Шеңбер

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
| --- | --- |
| 18.02.2020 | https://bilimger.kz/68706/ |

**Жамбыл облысы Тараз қаласы**

**№36 «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі**

**Өтпелі тақырып:**«Қызықты қыс мезгілі»

**Апталық тақырыпша:** «Қардың пайдасы»

**Білім беру саласы:**«Таным»

**Бөлімдер: «**Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру»

**Тақырыбы: «Реттік сандармен танысу» Геометриялық пішіндер «Үшбұрыш» «Шаршы» «Шеңбер»**

**Мақсаты:**5-ке дейінгі сандарды ретімен тура, кері санауға, сандық және реттік санауды айыруға, «қанша?», «нешінші?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету.Санның ,пішіндердің орналасуын дұрыс табу.

**Заттық дамыту ортасы**:үлестірмелі карточкалар,бірден беске дейінгі сандар,тақырыпқа сай суреттер,үлестірмелі карточкалар

**Сөздік жұмыс:**

**Билингвалды-компонент:**сан—цифр- number,бір –один-one,екі два –tuo,үш- три-thre,төрт-четыре-four ,бес-пять-five.

**Әдіс –тәсілдер:**Триз технологиясының «Миға шабуыл» әдісі, сұрақ-жауап, ақпараттық технология, «Ойын технологиясының «Топтастыру» әдісі, «Денсаулық технологиясы»

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| Әрекет кезеңі | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
| --- | --- | --- |
| | **Шаттық шеңбері.**<br>-Балалар, қонақтармен амандасады.<br>-Сәлеметсіздер ме!<br>-Здравствуйте!<br>-Gud moning!<br>**Кел достарым, келіңдер,**<br>**Қолдарыңды беріңдер,**<br>**Шаттық толы шеңберге,**<br>**Қуанышпен еніңдер.**<br>**Шақырамын сендерді,**<br>**Жолдастарым кел бері**<br>**Толтырайық шаттыққа**<br>**Дөңгеленген шеңберді.** | Балалар шаттық шеңберін жасайды,амандасады |
| **Дәлелді түрткі болатын** | Жарайсыңдар балалар! Балалар бүгінгі біз сабағымызды жарыс түрінде өткіземіз,сол себепті орындарыңа отырмас бұрын мен сендерді екі топқа бөлемін.Бізде топта байқасаңдар үстелдер неше қатарға бөлінген?Бірінші үстелде қандай түсті асық тұр?Дұрыс қызыл түсті.Ал екінші үстелде қандай түсті асық тұр?Дұрыс сары түсті асық тұр.Ендеше балалар мына қоржынның ішінен бір бірден келіп асық аласыңдар,кім сары түсті асық алса сол сары түсті асық тұрған үстелге отырады,ал кім қызыл түсті асықты алса қызыл түсті асығы бар үстелге отырады. Жарайсыңдар балалар!Жайғасып отырдық енді тобымыздың атын қояйық,мына жерде суреті бар екі қағаз тұр әр топтан бір бала келіп суретті алады,кім қандай суретті алады сол тобының аты болады. Бірінші топтың аты «Балапан»,екінші топтың аты «Құлпынай». | Төрт Қыс,көктем,жаз,күз<br>Қыс<br>Желтоқсан қаңтар,ақпан.<br>Жылы Қар |
| **Триз технологиясының «Миға шабуыл» әдісі** | Орындарына отырады<br><br>Бір жылда неше мезгіл бар? Атап беріңдерші?<br>Балалар! қазір жылдың қай мезгілі?<br>Қыс айларын атаңдаршы?<br>Қыс мезгілінде адамдар қалай киінеді?<br>Қыста не жауады?<br>Дұрыс балалар!Жарайсыңдар<br><br>Бүгін біз балалар сендермен таным саласы бойынша,бөлімі ҚМТҚ оқу қызметіндетақырыбы**:** **«Реттік сандар» «Геоетриялық пішіндер »** деген тақырыппен танысамыз.Бірақ алдымен осы сандарды еске түсіріп алайық. Тақтада ілінген бірден бескe дейінгі сандарды санап еске түсіру. Ал енді бүгінгі тақырыбымыз бойынша тапсырмаларымызды орындайық.Қай топ тапсырманы дұрыс орындайды мынадай жұлдызшалармен бағалаймын,сабақ соңында қай топ қанша баға алғанын санап,жеңімпаз топты анықтаймыз.Ендеше бірінші тапсырманы мұқият тыңдаңдар.<br><br>**І тапсырма**<br>**І топ «Балапан»** тобының тапсырмасы тақтадағы сандарды ретімен үш тілде санап шығу<br>**ІІтоп «Құлпынай»** тобының тапсырмасы тақтадағы сандарды үш тілде кері санап шығу.Соңында бағалау. Жарайсыңдар балалар!<br>**ІІ тапсырма екі топқа да бір тапсырма**<br>**Д\о: «Сандарды ретімен орналастыру»**<br>**Мақсаты**:Балалардың догикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Шарты:**Тақтаға орындары ауысқан жер құрты беріледі,сол сандарды ретімен қойып шығу. | Тақтаға шығып орындайды.<br><br>Тапсырманы қызыға орындайды<br><br>Тапсырманы қызыға орындайды<br><br>Орындарынан тұрып саусақпен қимылдар жасайды |
| **Ойын технологиясының «Топтастыру» әдісі** | **ІІІ тапсырма екі топқа**<br>**Д\о: «Көршісін тап»**<br>**Мақсаты:** Балалардың догикалық ойлау қабілеттерін ,зейінін дамыту.<br>**Шарты:**Балалардың алдына сандар беріледі,сол сандардың көршісін табу.Соңында бағалау. Жарайсыңдар балалар!<br>Ал балалар шаршаған шығармыз сергіту сәтін қткізі алайық.<br><br>**Сергіту сәті**<br>**Бас бармағым әкем**<br>**Балаң үйрек шешем**<br>**Ортақ тірек ағам**<br>**Шылдыр шүмек апам**<br>**Кішкетай бөбек мен**<br>**Бір үйде біз нешеуміз?**<br>**Бір үйде біз бесеуміз.**<br><br>**Сөздік жұмыс**:<br>**Билингвалды жұмыс:**сан—цифр-number,бір –один-one,екі два –two,үш- три-three, төрт-четыре-four ,бес-пять-five.Жарайсыңдар балалар!<br><br>**ІҮтапсырма**<br>**Логикалық жұмбақтар жасыру**<br>**І топ «Балаан»** тобының логикалық жұмбағы<br>Айгүл келді бірінші боп бақшаға,<br>Қосылды оған Мағжан менен Мираста<br>Балғындарды ойнап жүрген топтағы<br>Санап берші сен бізге бір ойлан да?<br>**ІІтоп «Құлпынай»** тобының логикалық жұмбағы.<br>Бір ағашта үш алма,<br>Нариман алды бір алма<br>Сания алды бір алма<br>Ағашта қалды қанша алма?Соңында бағалау.<br>Жарайсыңдар балалар!Өте жақсы жарайсыңдар балалар! Балалар геометриялық пішіндерді еске түсірейікші,қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? **Ендеше келесі тапсырма Д\О: «Пішіндерді тап»**<br>**ойыны.**<br>**Үтапсырма**<br>**І топ «Балапан»** тобының тапсырмасы<br>**Д\о: «Д\О: «Пішіндерді тап»**<br>**ойыны.**<br>**Мақсаты:**Балалардың логикалық ойлау,зейінін және есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Шарты:**тақтаға геометриялық пішіндер қойылады.Балаларға көздерін жұмыңдар деп бір пішінді алып қояды.<br>Балалар жоқ пішінді тауып, қай кеңістікте орналасқанын айтады.<br>**ІІтоп «Құлпынай»** тобының тапсырмасы **Д\о: «Адасқан сандарды табу.**<br>**Мақсаты:**Балалардың ойлау жылдамдығын арттыру.<br>**Шарты:**Балаларға суретті көрсете отырып, сандарды орнына қою.<br>Соңында бағалау. Жарайсыңдар балалар!<br><br>Балалар! Бүгінгі оқу -қызметіміз ұнады ма?<br>Бүгін біз неше топқа бөліндік? Қандай сандарды қайталадық?<br>Қандай пішіндерді еске түсірдік?<br>Жарайсыңдар балалар!Өте керемет.<br>Осымен оқу- қызметіміз аяқталды. Енді екі топтың алған бағаларын санап қай топ жеңімпаз екенін анықтайық.Жарайсыңдар балалар. | Үш тілде қайталайды<br><br>Мұқият тыңдап жауабын табады.<br><br>Шаршы,үшбұрыш,шеңбер<br><br>Тапсырманы қызыға орындайды<br><br>Тапсырманы қызыға орындайды<br>Ия<br><br>Екі<br><br>Бір,екі,үш,төрт,бес<br>Шаршы,үшбұрыш,шеңбер<br><br>Балаларды мадақтау. |
| **Рефлекстік коррекциялаушы** | | |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** 5 цифрын; реттік санауды;санның заттардың кеңістікте орналасуына қатысы жоқтығын;

**Игереді**: «қанша?», «нешінші?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруді, таныс заттарды геометриялық фигуралармен салыстыруды.

**Меңгереді**: санның заттардың кеңістікте орналасуына қатысы жоқтығы.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.